



Оқытушыларды аттестаттау

31.04.2015ж.

Колледж оқытушылары біліктілік санатына өткізілді. Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Жамбыл медициналық колледж директоры С.К.Қоңырова; орынбасары Ж.Б.Мырзагулова; мүшелері: Е.Т. Масалимов, Ж.Е. Бекбатырова, Г.М. Азимкулова, Р.Б. Нуржанов, С.Р. Қасенова, М.И.Тлеубаева, Ж.Н. Сарыбекова. Жоғарғы санатқа-2; I-санатқа-7; II-санатқа-15 оқытушы атті



Әдістемелік семинар

03.04.2015ж. Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен «Шебер ұстаздан – шығармашыл ұстаз» тақырыбында әдістемелік –семинар өтті.

1. «Оқу үрдісінде студенттердің шығармашылық белсенділіктерін арттыру» тақырыбында шебер-класс. Физиология пәнінің оқытушысы: Мүсрәпбеков Т.И.
2. Оқыту түрлерінің ұйымдастырылуы және әдістері. Тәлімгер: Ақпанова А.Э.
3. «Оқытушының шығармашылық жұмыспен айналысу әдістемесі» бойынша іс-тәжірибе алмасу. Батаева Л.К. «Сарқырама» өз ойларын жинақтауға арналған тренинг өткізілді.



Құттықтаймыз!



11.03.2015ж.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ хандығының тарихи мұрасы: зерттелуі мен өркениетке қосқан үлесі» тақырыбындағы облыстық дөңгелек үстелге қатысып, сертификатқа ие болған оқытушылар: Жантохова Г.Н., Маманова Ш.Т., Абдраимова Н.Ж., Тасыбаева А.Ж.

19.03.2015ж. Орыс тілі пәнінің оқытушысы Л.К. Мейрманова «Оқу үрдісінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың тиімділігі» атты облыстық семинарда «Создание и использование электронной версии учебника профессионального русского языка в медицинском колледже» тақырыбында баяндама оқып, сертификатқа ие болды



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Жамбыл медициналық колледжі Ниетқалиев к. 20, 2 қабат әдістемелік кабинет.



№7(7) 6 сәуір 2015 жыл, дүйсенбі



Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтой карсаңында.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев-Жамбыл жерінде.

27.03.2015ж. Президент Әулиеата өңіріне іссапары кезінде Тараз қаласындағы «Тараз-Арена» спорт кешенінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Елімнің тағдыры - менің тағдырым» форумына қатысты. Патриоттық форумға үш мыңға жуық жамбылдық, оның ішінде осы өңірді мекен еткен өзге ұлттың, саяси партия мен этномәдени орталықтардың өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары қатысты. Бүгінде аймақта 87 ұлттың өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Форумға колледж студенттерінде қатысты. Сонымен қатар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында бірнеше әлеуметтік нысандарда болды.



Бүгінгі нөмірде:

- ✓ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев-Жамбыл жерінде.
- ✓ Сайлау-2015ж. № 52 сайлау учаскесі
- ✓ «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз» мерекесі
- ✓ Оқытушыларды аттестаттау.
- ✓ Әдістемелік семинар
- ✓ .Ашық сабақтар
- ✓ Байқаулар
- ✓ Құттықтау
- ✓ Колледждегі тәрбие жұмысы (қосымша №7 (7) 6 сәуір 2015жыл, дүйсенбі)

03.03.2015ж.

Кезектен тыс президенттік сайлауға байланысты Тараз қаласының №52 сайлау учаскесі өз жұмысын бастады. Сайлау комиссиясының төрайымы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т., орынбасары: әдістемелік кабинет менгерушісі Мураталиева Н.М., хатшы: орыс тілі пәнінің оқытушысы Мейрманова Л.К., мүшелері: тарих пәнінің оқытушысы Айдабосынова Ж.Н., информатика пәнінің оқытушысы Құдайбергенова А.К., мейірбике Замбаева А.З., мейірбике Бегалиева А.Т.

19.03.2015 ж.

Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдығына орай, Қазақстан халықтарының Ассамблеясының 20 жылдығына арналған колледжіміздің жаңа ғимаратында «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз» мерекесіне арналған концерттік бағдарлама өткізілді



Ұйымдастырушылар: студенттік кәсіподақ ұйымы және колледж белсенділері.

Колледжде өткізілген ашық сабақтар

10.03.2015ж.

Қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы Д.К.Амирбеков «Емдеу ісі» бөлімі, 220 топта «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: тарих сабағында интерактивті тақтаны тиімді қолдану.


Сабақ мақсатына жетті.



10.03.2015ж.

«Microsoft Power Point бағдарламасының құрал-саймандар тақтасымен танысу» тақырыбында информатика пәнінің оқытушысы О.Қ. Чинаилова

«Емдеу ісі» бөлімі, 105 топта ашық сабақ өткізді.



Мақсаты: сабақта ойын элементтерін пайдалана отырып пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Сабақ мақсатына жетті.

11.03.2015ж.

«Емдеу ісі» бөлімі, 105 топта химия пәнінен Б.А.Сағындықова «Альдегидтер және кетондар» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: интерактивті технология элементтерін химия сабағында тиімді қолдану.



11.03.2015ж.

География пәнінің оқытушысы М.Ж.Жакипова «Емдеу ісі» бөлімі, 113 топта ашық сабақ өткізді. Тақырыты: «Австралия Одағы». Мақсаты: интерактивті тақтаны сабақта тиімді қолдану, ойын элементтері арқылы «Саяхат сабағын» өткізу. Сабақ жақсы деңгейде өтті, мақсатына жетті.



17.03.2015ж.

«Емдеу ісі» бөлімі, 204 топта қазақстан тарихы пәнінен «1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері» тақырыбында Э.С.Шайшаева ашық сабақ өткізді. Мақсаты: тарих сабағында интерактивті тақта мен интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің білім дәрежесін нығайту, сабақтың мәнін ашу. Сабақ мақсатына жетті.



18.03.2015ж.

Қазақстан тарихы пәнінен «Емдеу ісі» бөлімі, 102 топта «40-60 жылдардағы Қазақстан» тақырыбында Ж.Б. Қалымбетова ашық сабақ өткізді.



Мақсаты: тарих сабағында интерактивті тақтаны тиімді қолдану және студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру. Сабақ мақсатына жетті.

01.04.2015ж.

Орыс әдебиеті пәнінен «М.А. Шолохов. Рассказ «Судьба человека» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқытушы Байбосынова К.Ж. Мақсаты: орыс әдебиеті сабағында интерактивті тақтаны тиімді қолдану. Сабақ мақсатына жетті. Оқытушы сабағында жаңа технология элементтерін қолдана отырып, сабағын қызықты өткізді.



«Үздік фармацевт-2015»

12.03.2015ж. Фармацевтикалық пәндер оқытушысы Б.С.Тілегеннің ұйымдастыруымен 4 курс білімгерлерімен «Үздік фармацевт-2015» байқауы өткізілді. Бас жүлде: Бакирова А. (428 топ), I-орын: Ишпулатов Т.(428 топ), II-орын: Чауш-оглы Н. (428 топ), III-орын: Батырова Л. (427 топ) иеленді.



«Үздік мейірбике» байқауы

30.03.2015ж. Оқытушы Токташева Ж.А., Ескебекова З.С. ұйымдастыруымен «Мейірбике ісі» бөлімінің 4 курс білімгерлерімен «Үздік мейірбике» сайысы өткізілді. I - орын Молдахан Аикүн (409 топ), II-орын Сағатбек Жансая (421 топ), III- орын Жолдас Жанерке (409 топ) білімгері иеленді.



«Озат акушер-2015»

1.04.2015ж. Оқытушы Абдуанова Ж.А. ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» бөлімінің 4 курс білімгерлерімен «Озат акушер» сайысы өткізілді. I-орын: Тоқсабаева А. (426топ), II-орын: Жаксыбекова Ж. (426 топ), II-орын: Әділбек А. (426 топ) иеленді. Байқау 7-кезеңнен тұрды, теориялық және практикалық біліктіліктері тексерілді.



«Үздік фельдшер» кәсіби байқауы

02.04.2015ж. Мадимарова Б.С. ұйымдастыруымен 4 курс білімгерлерімен «Үздік фельдшер» кәсіби байқауы өткізілді. I- орын Сүндетова Айгерім (410 топ); II- орын Заттыбек Бекзат (417 топ); III- орын Ұяхан Аидина (402 топ) білімгерлері иеленді.

